

Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 490 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 желтоқсанда № 6569 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2021 жылғы 17 мамырдағы № 37 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 17.05.2021 № 37 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесі айқындалсын:

ауылдық жерге жұмыс істеу үшін жіберілетін медицина және фармацевтика қызметкерлерінәлеуметтік қолдау 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге мөлшерінде бір жолғы төлем түрінде белгілеу жолымен.

2. Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

Ж. Мухамбетпаизова

С. Калдыгулова

Облыстық мәслихаттың 2019 жылғы 11
желтоқсанындағы № 490 шешіміне
қосымша

Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері

1. Негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - "Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі;

2) жұмысберуші - медицина (фармацевтика) қызметкерімен еңбек шартын жасасқан тиісті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау ұйымы;

3) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) - кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын, ауылдық жерге уәкілетті орган жұмысқа жіберген жеке тұлғалар;

4) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген фармацевтика қызметкерлері (бұдан әрі - қызметкерлер) - жоғары фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын, ауылдық жерге уәкілетті орган жұмысқа жіберген жеке тұлғалар.

2. Жұмыс берушімен еңбек шарты жасалғаннан кейін 5 (бес) жылдан кем емес мерзімге ауылдық жерге жұмысқа жіберілген қызметкер әлеуметтік көмек алу құқығына ие болады.

Осы бес жылдық мезгілде қызметкердің бала күтуге байланысты еңбек ақысы сақталмайтын демалыста болған уақыты, сондай-ақ уақытша еңбекке жарамсыздық туралы парақпен куәландырылған екі айдан аса еңбекке жарамсыздық кезеңі кірмейді.

3. Қызметкерге әлеуметтік қолдау көрсету облыстық бюджеттің қаражаты есебінен іске асырылады.

4. Уәкілетті орган денсаулық сақтау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету мақсатында:

1) ауылдық жерлер үшін жекелеген мамандықтар бойынша медицина және фармацевтика кадрларына деген сұранысқа жыл сайын талдау жасайды;

2) медицина және фармацевтика қызметкерінің өтініштерін, олардың біліктілігін растайтын құжаттарын қабылдайды;

3) әлеуметтік қолдауға мұқтаж қызметкерлердің тізімін жасайды;

4) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

5. Уәкілетті органның жолдамасымен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жұмыс беруші қызметкермен еңбек шартын жасайды.

6. Уәкілетті орган өндірістік қажеттілікке байланысты қызметкерді ауылдық жердегі бір медицина ұйымынан басқа ауылдық жердегі медициналық ұйымына ауыстыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, қызметкердің әлеуметтік көмек алу құқығы сақталады.

7. Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда уәкілетті орган бұрын аударылған қаражатты қайтаруға шаралар қабылдайды.

8. Еңбек қатынастары мерзімінен ерте бұзылған кезде бұрын төленген ақшалай қаражатты қайтару жұмыс беруші, қызметкер және уәкілетті орган арасында жасақталған шартта көзделеді.

9. Жұмыс беруші қызметкердің әлеуметтік көмек алу құқығынан айырылған уақыттан бастап 10 күннен кешіктірмей (жұмысшымен еңбек шартын бұзу) уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

10. Уәкілетті орган әлеуметтік қолдау көрсету ретінде Ақтөбе облысының ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге көлемінде қаржыландыруды іске асырады.

11. Осы Тәртіптің орындалуын бақылауды уәкілетті орган іске асырады.